

## Ұлылар ұлағаты



XX ғасыр басындағы ұлы қазақ поэзиясының келелі көшін арқалаған арқалы ақын, ойшыл, ғұлама ғалым-Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына биыл 165 жыл толып отыр.

Шәкәрім шығармашылығы – қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ұлы құбылыс. Ол – Абайдың інісі болумен бірге, тікелей Абай мектебінен өткен нағыз шәкірті. Ақын араб, парсы, түрік, шағатай, орыс тілдерінде жетік меңгерген, жеті жасынан өлең жаза бастаған.

Әрбір қаламгердің өзіндік ерекшелігі, өзіндік даралығы әдеби шығармасынан айқындалады. Ол қазақ поэзиясын көркемдік мәнер мен өлең ұйқасы, түр жағынан да дамытып, жаңа бір белеске көтерді. Ақын жеке тұлғанын қалыптасуын мақсат тұта отырып, қазақ жұртының өркениетті қоғам құруға бейімделуін, әсіресе адамның толыққанды жетілген рухани бейнесін көксейді. Қазақ елінің бейнесін білімді, ғылымды меңгерген, махаббатты, таза жүрек, бостандық, әділет тұрғысынан көргісі келеді.

1905-1906 жылдары Шәкәрім ел, жер тану сапарымен Араб, Түрік, Еуропа елдерін аралауға шығады. Меккеде болады. Стамбұл кітапханасында отырып жұмыс істейді. Шет елдерді аралап қайтқан ақын ол елдер мәдениеті мен әдебиетін, діні мен философиясын, ғылым салаларын тануға күш салады.

Шәкәрім жай ғана ақын емес, ол – философ, ғалым, күрескер. Шәкәрім поэзиясының сүрлеуіде тереңде. Ақын дін, адам болмысы, қоғам, тіршілік, өмір, өлім мәселелерін қазақ әдебиетінде зерделеудің жаңаша қалпын алып келді. Ақынның «Иманым» деген топтамасындағы дүние сырына, өлім, өмір, Алла мен адам жайындағы сырлы өлеңдерінің мәні мен тәрбие тағылымы күшті. Алланы сүю, адамды сүю, қоршаған ортаға деген құрмет, осылармен үйлесімділікте ғұмыр кешу – ақынның басты принциптерінің бірі. Сонымен қатар ақынның «Ләйлі-Мәжнүн», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Қалқаман-Мамыр» атты поэмалары да, ғалымдық жолымен жазылған «Үш анық» шығармасы да махаббат, ізгілік, өмір жайындағы құнды дүниелер болып табылады. Ия ақынның өмір жолын тану үшін оның жырларын көптеп оқу керек.

Айнабұлақ ауылдық кітапханасында Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Арқалы ақын» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, жырларына шолу жасалды. Мақсаты: жас оқырмандарды Шәкәрімді тану арқылы халқын, туған тілін сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу, рухани болмысын байыту. Ақын мұраларымен танысып, оқып жан-жақты азамат ретінде қалыптасуына ықпал ету.

«Адамдық борышың-

Халқыңа қызмет қыл.

Ар жолдан айнымай,

Ар сақта – оны біл» деп басталатын өсиеттерін өмір жолымызда

кәдеге асырар болсақ, түзу жолдан ешқашан адаспаймыз. Сенім артқан, үміт күткен ұрпағы біз ақын шығармаларын оқып, түсініп, адамгершілікті, ізгілікті бойға сіңіруге міндеттіміз.

**Айнагүл Саққұлақова,**

**Айнабұлақ ауылының кітапханашысы**